

**"Орал-Атырау" бекіре балығын өсіру зауыты" және "Атырау бекіре балығын өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 қараша N 1792

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті "Орал-Атырау" бекіре балығын өсіру зауыты" жедел басқару құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен "Атырау" бекіре балығын өсіру зауыты" жедел басқару құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорындар) қатысты уәкілетті мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті Кәсіпорындардың заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін және осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Орал-Атырау" бекіре балығын өсіру зауыты" және "Атырау бекіре балығын өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын Атырау облысының коммуналдық меншігіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 739 P990739\_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 27, 252-құжат);

2) "Орал-Атырау" бекіре балығын өсіру зауыты" және "Атырау бекіре балығын өсіру зауыты" жедел басқару құқығындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 909 P980909\_ қаулысындағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 33, 295-құжат) 2 және 5 тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті мен оның қарауындағы жекелеген ұйымдардың мәселелері туралы" 2000 жылғы 10 ақпандағы N 198 P000198\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 74-

қ ұ ж а т ) :

көрсетілген қаулыға 2-қосымша мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Орал-Атырау" бекіре балығын өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны".

"Атырау" бекіре балығын өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны".

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК